

**Азаматтық қорғау органдарының
жұмысы мәселесі бойынша
Қоғамдық кеңес отырысының № 4 хаттамасы
(ТЖМ)**

Астана қ.2024 жылғы 29 қараша

Өткізу орны:Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кеңес залы (Мәңгілік ел даңғылы, 8, 10 қабат)

Төрағалық еткен(бейнеконференцбайланыс режимінде):
Д.Д. Сатылғанов

Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңес мүшелерінен қатысқандар (ТЖМ):Р.Қ.Дубаев, Р.Ф.Камалов,Н.Н.Токсанов,Қ.А.Мейрамов,М.С.Қайсанов,А.Ж.Дұрысбеков.

бейнеконференцбайланыс режимінде:К.Е.Қыстаубаев, Ф.Л.Мордвинкин, В.Н.Ганагин,М.Әбдіхалықұлы, Т.У.Омаров, Ж.Қ.Телеубаев, Г.Т.Қамарова, А.А.Мәдиев.

Қатыспағандар:А.З.Қалиев,К.Е.Дүйсенов,Ю.А.Новожилов, аппарат басшысы (вакант)

Шақырылғандар:Мемлекеттік материалдық резерв комитеті төрағасының орынбасары Р.А.Ормағамбетов, Төтенше жағдайлардың алдын-алу комитеті төрағасының орынбасары Е.Т.Сарыбаев, Ақпараттандыру, цифрландыру және байланыс департамент бастығының орынбасары Ю.Ю.Будрин, Кадр және тәрбие жұмысы департаменті бастығының орынбасары С.Ж.Дүйсембеков, Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару командалық орталығы бастығының орынбасары Т.О.Бейсенбин.

Күн тәртібінде:

1. Азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесінің Республика аумағындағы жер сілкінісіне дайындығы туралы (2024 жылғы 24 қаңтарда болған жер сілкінісі кезіндегі ТЖМ-нің іс-әрекетіне алдын-ала талдау).

2. Төтенше жағдайлар мен олардың салдарын жою бойынша іс-шаралар қабылдау үшін мемлекеттік материалдық қор мен жедел қордың дайындығының жағдайы туралы.

3. Халықты ақпараттандыру мен құлақтандыру, оның ішінде төтенше жағдайлар туындау қауіпі мен оларды туындауы кезіндегі азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесін дамыту жағдайы туралы.

4. Министрлікте сыбайлас жемқорлық қылмыстары, олардың туындау себептері мен оларды болдырмау бойынша іс-шаралар туралы.

1. Азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесінің Республика аумағындағы жер сілкінісіне дайындығы туралы
(Қоғамдық тыңдау)

(Даулетьяров М.Е., Сатылганов Д.Д., Токсанов Н.Н., Мордвинкин Ф.Л.,
Кыстаубаев К.Е., Әбдіхалықұлы М., Будрин Ю.Ю., Ганагин В.Н.)

1. Төтенше жағдайларды жою департаментінің бастығы М.Е. Даулетьяровтың Республика аумағындағы жер сілкінісіне азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесінің дайындығы туралы баяндамасы **қабылданбады**, себебі баяндама Алматы қ. жойқын жер сілкінісін жоюға бағытталған, ол күн тәртібіндегі мәселеге катысы жоқ.

2. Азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесінің Республика аумағындағы жер сілкінісіне дайындығы туралы тыңдауды 2025 жылғы 1 тоқсанға ауыстыру.

3. Азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесінің Республика аумағындағы жер сілкінісіне дайындығы туралы баяндамамен аталмыш сұрақты жетекшілік ететін Төтенше жағдайлар вице-министрін тыңдау ұсынылады.

2. Төтенше жағдайлар мен олардың салдарын жою бойынша іс-шаралар қабылдау үшін мемлекеттік материалдық қор мен жедел қордың дайындығының жағдайы туралы (Қоғамдық тыңдау)

(Сатылганов Д.Д., Ормағамбетов Р.А., Токсанов Н.Н., Кыстаубаев К.Е.)

1. Мемлекеттік материалдық резерв комитеті төрағасының орынбасары Р.А. Ормағамбетовтың мемлекеттік материалдық қордың дайындығының жағдайы туралы баяндамасын **қабылдау**.

2. Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетінің төрағасына (Қалиев А.З.) Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарымен мұқият танысып, отырысқа дайындалып келуіне ұсынылады (құзыретті органның жедел қоры мәселесі бойынша).

3. Құзыретті органның жедел қорының дайындығын 2025 жылғы қоғамдық тыңдауда қарастыру.

4. Министрлікке қоғамдық тыңдауларға (есеп, сараптама) дайындық кезінде, отырысқа **үш, төрт күн алдын-ала** Қоғамдық кеңес мүшелеріне қойылатын сұрақтар бойынша ақпарат ұсыну.

3. Халықты ақпараттандыру мен құлақтандыру, оның ішінде төтенше жағдайлар туындау қауіпі мен оларды туындауы кезіндегі азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесін дамыту жағдайы туралы (Қоғамдық тыңдау)

(Сатылганов Д.Д., Будрин Ю.Ю., Токсанов Н.Н., Кыстаубаев К.Е., Дурысбеков А.Ж.)


Ақпараттандыру, нифрландыру және байланыс департамент бастығының орынбасары Ю.Ю. Будриннің халықты ақпараттандыру мен құлақтандыру, оның ішінде төтенше жағдайлар туындау қауіпі мен оларды туындауы кезіндегі азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесін дамыту жағдайы туралы баяндамасын **қабылдау**.

4. Министрлікте сыбайлас жемқорлық қылмыстары, олардың туындау себептері мен оларды болдырмау бойынша іс-шаралар туралы

(Сатылғанов Д.Д.)

Министрлікте сыбайлас жемқорлық қылмыстары, олардың туындау себептері мен оларды болдырмау бойынша іс-шаралар туралы сұрақты 2025 жылғы 1 тоқсанға ауыстыру.

Азаматтық қорғау органдары жұмысының мәселері бойынша Қоғамдық кеңестің (ТЖМ) төрағасы



Д. Сатылғанов

(Faint, mostly illegible text, likely bleed-through from the reverse side of the page)